

Егемен Қазақстан

Ұлттық мүдде күрескері



Алаш арыстарының бірі Сұлтабек Қожанов – ғұмыры қасіретке толы тұлға. Ол 1938 жылы халық жауы ретінде ұсталып, атылды. С.Қожанов 1958 жылы ақталса да, ірі мемлекет және қоғам қайраткері ретінде, соңғы кезге дейін өзінің тарихи бағасын ала алмай, ол туралы кең көлемде ашық жазылмай да, айтылмай да келді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы адамдардың отансүйгіштік, патриоттық, ұлттық намыс сезімдері өте күшті болатын. Той өткізуге бюджеттен қаржы қарастырылмаған. Аудан активін шақырып, ақылдастық. Айта кетуім керек, С.Қожановтың

100 жылдық мерейтойын атап өтуде, аудан жұртышылығы ауыр қыстан қиналып шықса да, бұрын-соңды болмаған белсенділік танытты.

Әрине тәуелсіздік жылдары Алаш арыстарының және Алаш идеясының саяси ақталуымен қатар, ұлттық құндылықтарды қоғамдық-саяси қызметінің басты ұстанымына айналдырған С.Қожановтың тұлғасын тану мен танытуға қатысты бірқатар арнаулы зерттеулер жүргізілді. Атап айтқанда, Т.Қожакеев, Р.Бердібай, Ә.Тәкенов, Б.Қойшыбаев, М.Қойгелдиев, Қ.Ергөбек, А.Шәріп, Х.Тұрсұн, Ж.Әлмашұлы және өзбекстандық тарихшылар Р.Я.Раджапова, С.Тілеуқұлов, мәскеулік профессор А.Арапов және т.б. тарихшы, әдебиетші ғалымдардың зерттеулерінде қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы ұлтжанды, мемлекетшіл, Алаш рухты азамат ретінде таныла бастады. Әйтсе де, қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі мен әдеби мұрасын зерттеп, зерделеу өз деңгейінде әлі де жүргізілмей келді. Оның негізгі себебі С.Қожановтың партия мүддесінен ұлт мүддесін жоғары қойған ұлтжандылығы болды. Кеңес үкіметі саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға да аса бір сақтықпен қарады. Алғашқы кезекте коммунистік билікке барынша адал қызмет жасағандар ақталып, олардың тұлғасы советтік тәрбиенің идеалына айналдырылды. Ал пролетарлық интернационализмге ұлттық құндылықтарды, таптық күреске ұлттық бірлікті қарсы қойған Алаш қайраткерлері мен алаштық рухтағы С. Қожанов сияқты партия қайраткерлерін ақтау кейінге шегеріле берді. Бұл – кеңестік биліктің ұстанған саясаты еді. С.Қожанов қай жерде жұмыс істесе де бірінші кезекке ұлттық мүддені қойды. Ұлттық мүдде үшін ымырасыз күресті. Өз мүдделерін ойлап, партияның саясатын ғана қолдап отырған кейбір қайраткер әріптестерінен ерекшелігі қай қызметте болмасын алаштық негіздегі ұлттық идеядан бір сәтте қол үзген емес. 1924-1925 жылдары С.Қожановтың Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы қызметін атқарған кезеңі, оның мемлекет және қоғам қайраткері есебінде жарқырай танылған кезі болды. 1920 жылы тамыз айында Қырғыз (қазақ) автономиялы облысы, одан кейінгі Қазақ автономия республикасының құрылуы – оның ұлттық, территориялық тұтастығын қалыптастырып, тарихи атауын қалпына келтіру арқылы мемлекеттілікке жаңа мазмұн беріп, дамуының болашақ бағдарын айқындап берді. 1925 жылы сәуірде Қазақ кеңестерінің V съезінде, С. Қожановтың ұсынысымен қазақ халқы тарихи атауын (патшалық тұсынан бұрмаланып қалыптасқан «киргиз» деген атты төл атауына – «қазақ» атауына түзетіп) қайтарып, астаналық қала атын Қызылорда деп өзгертті.

1925 жылы жазда Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Нанейшвили Мәскеуге шақырып алынды да, оның міндетін атқарушы болып, өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы С.Қожанов қалды. Республика партия ұйымының бірінші басшысын қазақтан шыққан қайраткерден сайлаудың реті келіп-ақ тұрды. Алайда «ұлтшыл», «алашордашыл» деген саяси айыптаулар ол мақсатты жүзеге асыртпады. Республикадағы саяси басшылыққа Ф.Голощекиннің келуі бұл саяси үдерісті тіпті өршітіп жіберді. Осыған байланысты С.Қожанов Қазақ өлкелік партия комитетіне 1926 жылы ашық хат жазып, ақталуға мәжбүр болды. Ол хатында былай дейді:

«Мен партияның алдыңғы қатарында жүріп мына мәселелерге белсене қатыстым: Отаршылдық пен жергілікті ұлтшылдықты саяси тұрғыдан жоюға; Жерге орналастыру және жер-су реформасын жүргізуге; «Қосшы» одағын ұйымдастыру науқанына; Орталық Азияда ұлттық межелеуді іске асыруға; Қазақстанның орталығын Орынбордан Қызылордаға ауыстыруға және Қазақстанның ішкі құрылысында ұлттық мүддені күшейтуге тікелей араластым». С.Қожановтың жазған хатының мазмұнының өзі оның ұлттық және мемлекеттік тұрғыда ойлайтын үлкен қайраткер тұлға екенін көрсетеді. Егер ауызбіршілік болып, республика партия басшылығына С.Қожанов келгенде, Ф.Голощекиннің Қазақстандағы «Кіші октябрь» төңкерісі болмай, қазақ ашаршылықтан қырылмаған болар ма еді? С.Қожанов Мәскеуге кеткен соң оны айыптау саяси науқаны Ф.Голощекиннің және оның жандайшаптары арқылы кең өріс алды.

С.Қожанов 1938 жылы «халық жауы» болып атылғаннан кейін де оны қаралау науқаны кең көлемде жүргізілді. Сол кездегі және одан кейінгі кездегі ұлтымыздың бірқатар зиялы қауым өкілі «қожановшылдықты» барынша әшкерелеуге тырысып бақты. 1957 жылы ол ақталғаннан кейін де, сол жазғыштар республикадағы саясатқа өз ықпалдарын тигізіп, С.Қожанов туралы шындық 1980 жылдардың соңына дейін толық айтылмай келді.

Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары тарихымыздың ақтаңдақтары зерттеліп, туған жерімізді найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап, бүгінгі ұрпаққа аманат етіп тапсырған, аттары аталмай келген, еліміздің қалыптасуына ерен еңбегі сіңген хандарымызды, батырларымызды, билерімізді, мемлекет және қоғам қайраткерлерін, ақын-жырау, жазушыларымыздың мерейтойларын халық өз инициативасымен тойлап жатты. Осы үлкен маңызды шараларды бір жүйеге түсіру мақсатында республика үкіметі 1993 жылы сәуірде «1993-1995 жылдары республикада мерейтойларды атап өту туралы» арнайы қаулы қабылдады. Қаулыда кімдердің мерейтойлары қай кезде, қай жерде өтетіні толық көрсетілді. Жала жабылып, халық жауы болып атылып кеткен, елімізге еңбегі сіңген ағаларымыздың 100 жылдық мерейтойларын өткізудің 1993-1995 жылдары жоспарланған тізімі бекітілді. Алайда осы қаулыда 1994 жылы 100 жасқа келетін С. Қожановтың мерейтойы туралы ештеңе айтылмапты. Менің облыс әкімінің орынбасары қызметіне енді ғана кіріскен кезім. Облыста С.Қожановтың 100 жылдығын тойлау баспасөз беттерінде, зиялы қауым өкілдерімен кездесулерде көтеріліп жүрген. Үкіметтегілермен байланыссам, «Біз білмейміз, қаулы облыстан келген ұсыныстар негізінде қабылданды», деді. Мұны толық, тәптіштеп айтып отырған себебім, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының өзінде С.Қожановтың 100 жылдық мерейтойын атап өтуге деген көзқарастың екіталай болғаны байқалады. Кемшілікті түзету үшін облыс әкімі М.Үркімбаевтың атынан хат алып, Үкімет басшыларына барып, С.Қожановтың 100 жылдық мерейтойын өткізу туралы Үкімет қаулысын шығаруға күш салдық. Нәтижеде, 1994 жылы 12 сәуір күні «С.Қожановтың туғанына 100 жыл толу мерейтойын әзірлеу мен өткізу туралы» республика Үкіметінің №370 қаулысы кешігіңкіреп, өз алдына жеке қаулы болып шықты. Қаулыда мерейтойға байланысты республика көлемінде көптеген іс-шара жоспарланып, С.Қожановтың 100 жылдық мерейтойы 26-27 тамызда туған жері Созақ ауданының орталығы Шолаққорған ауылында өткізілетін болып белгіленді. Тағдырдың жазуымен Сұлтекеңнің мерейтойын өткізу, 1994 жылы қаңтарда Созақ ауданының әкімі болып тағайындалған маған бұйырды. Сол 1993-1994 жылы қыс Созақта ерте түсті және өте суық, қарлы, боранды болды. Оның үстіне, ел экономикасы тоқырауға ұшыраған, нарық заманы енді ғана басталып, халықтың жағдайы ауыр болған кезең еді. Халыққа керекті отын да, ұн да, жанар-жағармай да, мал азығы да таусылуға айналып, Қаратаудан өтетін асу жабылып, тұтынушылар одағының жұмысы тоқтап, бір жылқы бес қап ұнға, бір қой бес дана сабынға айналған жабайы айырбастың халықты әбден қиналтқан кезі. Дегенмен, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы адамдардың отансүйгіштік, патриоттық, ұлттық намыс сезімдері өте күшті болатын. Той өткізуге бюджеттен қаржы қарастырылмаған. Аудан активін шақырып, ақылдастық. Айта кетуім керек, С.Қожановтың 100 жылдық мерейтойын атап өтуде, аудан жұртшылығы ауыр қыстан қиналып шықса да, бұрын-соңды болмаған белсенділік танытты. Керек десеңіз, Сұлтекеңнің тойын өткізу созақтықтарды бұрынғыдан да біріктіріп, ынтымағын нығайта түсті. Көктемде барлық жерде, әрбір еңбек ұжымшарларында сенбіліктер өткізіліп, тойды өткізуге қаржы жинау ісі қызу қолға алынды. Ауданда той өткізу жөнінде қор ашылып, оның есепшоты газеттерде жарияланды. Ақылдаса келе «Мерейтойды жоғары деңгейде өткізу елімізге сын, халқының азаттығы жолында құрбан болған боздақтың сүйегінің де қайда қалғаны белгісіз. Сондықтан арда азаматымыздың 100 жылдығын есте қалатындай етіп өткізейік», деп келісіп, С.Қожановтың 100 жылдық мерейтойына 100 ақ киіз үй тігіп, ортасына қонақтарға арналған 300 орындық хан шатырын орнаттық. Тойға дайындық барысында республикалық деңгейде, облыстар мен аудандарда Сұлтанбек Қожановтың өмір жолын айқындайтын ғылыми конференциялар өткізіліп, облыстың аудан, қалаларында мектеп,

көше аттары беріліп, бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде әртүрлі мақалалар жарияланып жатты. Осылайша С.Қожанов мерейтойы тамыз айының 26-27 күндері Созак ауданында өтті. Той Сұлтекеңнің туған ауылы Ақсүмбеден бастау алып, онда үлкен ас беріліп, құран оқытылып, ескерткіші ашылды. Ақсүмбе мектебіне ұлы тұлғаның есімі берілді. Ертеңіне Шолаққорған ауылында С.Қожановтың музейі, ескерткіші ашылды. Ғылыми конференция өткізілді. Шолаққорған ауылының орталық көшесі С.Қожановтың есімімен аталды. Ж.Шанин атындағы облыстық қазақ драма театрының шығармашылық ұжымы Сұлтанбектің Ленинмен кездесуін сахналады. 32 шақырымға аламан бәйге ұйымдастырылды. Бас бәйгеге елге танымал кәсіпкер С.Сейтжанов сол тұстағы төрт дөңгелектің «төресі» «Волга» көлігін ұтысқа тікті. Республикалық ақындар айтысының бас жүлдесі – «Жигулиді» Қазақстанның халық ақыны Әселхан Қалыбекова жеңіп алды. Тойға Алматыдан Ө.Жәнібеков, Ө.Жолдасбеков, Ш.Мұртаза, Д.Исабеков, Т.Әбдік, Р.Бердібаев, Д.Досжан, Ж.Әбділдин бастаған елге танымал мемлекет қайраткерлері, ғалымдар, жазушылар, Ташкенттен қазақ-өзбек достық орталығының төрағасы Қ.Сейдахмет, тарихшы ғалым С.Тілеуқұлов келді. Мерейтойға Мәскеуден Сұлтекеңнің қызы Зиба апай, немересі Светлана келді. Зиба апай әкесіне байланысты өзінде бар архив құжаттарын, фото-документтерін мұражайға өз қолымен табыс етті. Үлкен жиында сөз сөйлеп, әкесін құрметтеп, той өткізіп жатқан елге, Үкіметке үлкен алғысын білдірді. С.Қожановтың 100 жылдығы шын мәнінде көпке үлгі болатын, кейінгілерге тамсанып айтып жүретін, елдің ынтымағын күшейтіп, бауырластығын нығайтқан той болды.

Енді алдымызда С.Қожановтың 125 жылдық мерейтойын республика деңгейінде атап өту міндеті тұр. С.Қожановтың 125 жылдық мерейтойын атап өту Мәдениет және спорт министрлігінің 2018 жылғы 25 тамыздағы № 228 бұйрығымен бекітілген 2019-2021 жылдары өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесіне енгізілді. Енді тиісті құзыретті органдар мерейтой өткізуге ерекше мән беріп, Астана қаласындағы «Жерұйық» саябағынан ескерткіш қою үшін арнайы бөлінген орынға С.Қожановқа еңселі ескерткішін орнатуды, Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларында көшелерге, білім беру ұйымдарының (мектеп, колледж, университет) біріне С.Қожановтың есімін беріп, мектеп оқулықтарына есімін енгізуді, С.Қожанов туралы жазылған «Сталинмен бетпе-бет» тарихи драмасын (авт. Ж.Әлмашұлы) Астана театрында сахналауды, Астана, Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларында, Түркістан облысының аудандары мен елді мекендерінде С.Қожановтың туғанына 125 жылдығына орай әртүрлі іс-шараны жоғары деңгейде өткізуді ұйымдастыруды тапсыру керек. Сонымен бірге С.Қожановтың қоғамдық-саяси қызметін тереңірек зерттеп, оның өмірі мен қызметіне байланысты Алматы мен Ташкенттің, Мәскеу мен Орынбор қалаларының архивтеріндегі құжаттарды, материалдар мен әдеби шығармаларды жинақтап, реттеп, бастырып шығару керек. Олардың арасында бүгінгі ғылымның қажетіне жарайтын, келешек ұрпақтың игілігіне, ұлттың рухын көтеруге қызмет ететін дүниелер жеткілікті. Қорыта айтқанда, С.Қожановтың қоғамдық-саяси қызметі ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісі болды. Ол айтыс-тартыспен, саяси күреспен өткен сан-салалы қызметінде топтық, таптық, тіпті партиялық мүдделердің аясында қалып қоймай, әр кез ұлттық, мемлекеттік биіктен табылып отырды. Бұл – біздің өскелең ұрпақ үшін өте қажет үлгі-өнеге.

Қуаныш АЙТАХАНОВ
қоғам қайраткері